

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.21 № 148 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбындағы және бүкіл мәтін бойынша "Шетел азаматтарының" деген сөздер "Шетелдіктердің" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.10 N 688 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағында болуын құқықтық реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен 2000 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде :

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізілсін ;

2) осы қаулымен бекітілген Тәртіптің ережелерін іске асыру мақсатында нормативті құқықтық актілерді әзірлеуді, келісуді және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.06.27 N 956 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі осы қаулының 2-тармағының іске асырылуына жәрдем көрсетсін.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 наурыздағы N 186 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 7, 87-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 наурыздағы N 186 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 1367 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 50, 465-құжат).

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап бір ай мерзім өткен соң күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

2 8

қ а н т а р д а ғ ы

N 1 3 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Тақырыбындағы және бүкіл мәтін бойынша "Шетелдік азаматтардың", "шетелдік азаматтарды", "шетелдік азаматтарға", "шетел азаматтары", "шетел азаматтарын", "шетелдік азаматқа", "шетелдік азамат", "шетелдік азаматтар", "шетелдік азаматтың" деген сөздер тиісінше "Шетелдіктердің", "Шетелдіктерді", "шетелдіктерге", "шетелдіктер", "шетелдікке", "шетелдік", "шетелдіктің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.10 N 688 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Халықтың көші-қоны туралы», «Босқындар туралы», «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және:

z 1 1 0 0 0 0 0 4 7 7

Қ а р а ң ы з

1) шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуінің және Қазақстан Республикасынан кетуінің;

2) шетелдіктердің Қазақстан Республикасында уақытша болуы және тұрақты тұруы құқығына арналған құжаттарды ресімдеудің;

3) шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүруінің және транзиттік өтуінің;

4) шетелдіктердің болуы мерзімдерін ұзартудың және қысқартудың, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасынан кетірудің тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.03 № 166 , 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

2. Осы Тәртіптің күші, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады.

2-1. **2011.02.22 бастап қолданысын тоқтатты - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 № 1075 Қаулысымен.**

3. Шетелдіктерді Қазақстан Республикасына шақырған қабылдаушы жеке және заңды тұлғалар шетелдіктерге Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Тәртіпте көзделген құқықтар мен міндеттерді уақытылы түсіндіруді, шетелдіктерге қатысты белгіленген құқықтық нормалардың орындалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында болуы, елдің аумағы бойынша жүріп-тұруы құқығына арналған және оларға белгіленген болудың мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан кетуіне арналған құжаттардың уақытылы ресімделуі үшін заңдарда белгіленген жауаптылықта болады.

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының лауазымды тұлғалары мен азаматтарының осы Тәртіптің талаптарын сақтауын бақылауды ұлттық қауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимылда ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі

4. Шетелдік, егер Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және/немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасының визасы болған жағдайда, төлқұжаты немесе оны алмастыратын құжаттар (бұдан әрі - төлқұжат) бойынша мемлекеттік шекарадағы халықаралық және жолаушы қатынастары үшін ашық өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасына келеді және Қазақстан Республикасынан кетеді.

Визаның қолданылу мерзімі шетелдік паспортының қолданылу мерзімі

аяқталғанға дейін кемінде 6 ай бұрын аяқталуы тиіс.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20 N 756, 2010.03.03 № 166 Қаулыларымен.

5. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасына келіп кетуге визаларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері (бұдан әрі - шетелдегі мекемелер) мен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің консулдық пункттері, ал ондайлар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының уәкілеттік берілген о р г а н д а р ы б е р е д і .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасынан кетуге және Қазақстан Республикасынан кетіп, қайта келуге визаларды Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, сондай-ақ ол уәкілеттік берген аумақтық ішкі істер органдары береді.

Төлқұжаты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде тіркелген шетелдіктерге визалар беруді осы ұйымдар жү р г і з е д і .

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Қабылдаушы ұйымдардың өтініші бойынша шетелдіктерге Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге бірнеше мә р т е л і к в и з а б е р і л у і м ү м к і н .

8. Қазақстан Республикасының визаларын беру үшін: .P1100000200

1) халықаралық ұйымдардың, шет мемлекеттер өкілдіктерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарының заңдарда белгіленген тәртіппен ресімделген жазбаша өтініштері;

2) Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша, жеке тұлғалардың шақыруы бойынша іскерлік мақсаттармен немесе тұрақты тұруға келетін шетелдіктер үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге ішкі істер органдарының рұқсаты;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілейтін тәртіпке сәйкес шетелдіктерді Қазақстан Республикасына шақыру үшін заңды немесе жеке тұлғалардың заңнамада белгіленген тәртіппен ресімделген жазбаша өтініштері;

4) өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі өкілетті органның өңірлік қаржы орталығында қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға

визалар беру туралы өтініші негіз болып табылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.29 N 595, 2006.09.07 N 854 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

9. Визалар берудің негіздемесі шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Қазақстан Республикасына жеке тұлғалардың шақыруы бойынша, яғни жеке істері бойынша келген, сондай-ақ іскерлік мақсатпен, оқуға, емделуге және турист ретінде келген шетелдіктер Қазақстан Республикасының аумағында жұмысқа орналаспайды, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, визада көрсетілген келу мақсатымен байланысты емес өзге де қызметпен айналыса а л м а й д ы .

Егер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен шетелдік инвесторлар арасында рұқсат берудің белгіленген тәртібі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдік жұмыс күшін лицензиясыз тартуға (әкелуге), сондай-ақ Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдіктердің тиісті рұқсатсыз еңбек қызметін жүзеге асыруына тыйым с а л ы н а д ы .

Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін (жұмысқа) Қазақстан Республикасына келуге визаны тек Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері ғана, олар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының арнайы уәкілетті өкілдері береді .

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20 N 756, 2006.08.01 N 725, 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

10. Визалардың санаттарын, дүркінділігін, оларды берудің тәртібін, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін қысқарту мен ұзарту үшін негіздемені Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген негіздер бойынша шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуіне және Қазақстан Республикасынан кетуіне тыйым салынуы мүмкін.

11-1. Қазақстан Республикасына келу кезінде 16 жасқа толған әрбір шетелдікке көші-қон карточкасы беріледі.

Көші-қон карточкалары Қазақстан Республикасынан кету кезінде

тапсырылуы

тиіс.

Көші-қон карточкалары:

Қазақстан Республикасының дипломаттық, қызметтік және инвесторлық
визасы бар адамдарға;

әуе, теңіз және өзен кемелері экипаждарының мүшелеріне;
поезд, оның ішінде рефрижератор, локомотив бригадаларының
жұмыскерлеріне және темір жол көлігімен тасымалданатын жүктерді бірге алып
жүретін адамдарға;

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін поездардың
жол алушыларына;

халықаралық автотасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының
жүргізушілеріне берілмейді.

11-2. Оралмандарды, пана іздеген адамдарды, босқындарды Қазақстан
Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған
немесе бұрын азаматы болған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін
қоспағанда, әрбір шетелдік Қазақстан Республикасына келуі кезінде болу және
кету үшін: Р 0 3 1 1 8 5

ол тұрақты тұратын мемлекеттің аумағындағы ең жақын әуежайға дейін " **Экономикалық**"
сынып бойынша кемінде авиабилеттің құны мөлшерінде;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен ол тұрақты тұратын
мемлекеттің аумағындағы ең жақын станцияға дейін кемінде темір жол (купелі
вагон) немесе автомобиль көлігіне, билеттің құны мөлшерінде;

болатын әр күніне кемінде екі есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде
қажетті қаражатының бар екендігін растайтын мәліметтерді ұсынуы тиіс.

Қаражатының бар екендігі туралы банктің анықтамасы төлем қабілеттілігін
растайтын құжат бола алады;

Қазақстан Республикасында болуы және одан шығуы үшін төлем
қабілеттілігін растауды тексеруді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

**Ескерту. Ереже 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.13 N
241, өзгерту енгізілді - 2004.08.20 N 881, 2007.08.10 N 688, 2010.03.03 № 166
Қаулыларымен.**

3. Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдіктерді тіркеу

12. Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдіктердің өздерімен
бірге осы Тәртіпте белгіленген ретпен тіркелген төлқұжаты болуы және оларды
уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша көрсетуге міндетті.

Шетелдік төлқұжатын жоғалтқаны туралы тез арада, азаматтың өтініші

бойынша ол туралы анықтама беретін, ішкі істер органына хабарлауы қажет.

Пана іздеген адамдар, сондай-ақ босқындар Қазақстан Республикасының босқындар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған пана іздеген адамның куәлігін немесе босқын куәлігін өзімен алып жүруге және оларды уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша көрсетуге міндетті.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.03 № 166 Қаулысымен.

13. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткен күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде өзінің тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша тіркелуге міндетті. Шетелдіктерді тіркеу жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша жүзеге асырылады.

Пана іздеген адамдарды және босқындарды тіркеу Қазақстан Республикасының босқындар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделеді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.03.13 N 241, 2005.07.20 N 756, 2010.03.03 № 166 Қаулыларымен.

14. Қазақстан Республикасында шетелдіктердің төлқұжаттарын тіркеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды.

15. Тіркеу шетелдіктің ұлттық паспорты мен визасының қолданылу мерзімінен аспайтын кезеңге ресімделеді.

Тіркеу шетелдіктердің жеке өтініш беруі не шетелдіктерді қабылдайтын жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасымен келудің және болудың визасыз тәртібі туралы халықаралық шарттары бар елдерден Қазақстан Республикасына келген азаматтарды тіркеу отыз тәуліктен, ал Кеден одағына мүше мемлекеттердің азаматтары үшін тоқсан тәуліктен аспайтын мерзімге жүргізіледі және кейіннен дәл осындай мерзімдерге ұзартылады.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға заңда белгіленген тәртіппен ресімделген рұқсаты бар шетелдіктерді, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін тіркеу осы рұқсаттың қолданылу мерзіміне ресімделеді.

Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқитын шетелдіктерді, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін тіркеу бір оқу жылына ресімделеді.

Заңда белгіленген тәртіппен өздеріне қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыс болып танылатын әрекет жасалғаны туралы хабарлаған шетелдіктерді тіркеу Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес арызды қарау үшін

қажетті мерзімге ресімделеді. Егер арыз бойынша қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылданса, тіркеу қылмыстық істі тергеу үшін қажетті мерзімге ұ з а р т ы л а д ы .

Шетелдіктер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес паспорттарды тіркеуден босатылуы мүмкін.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.03.13 N 241, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 307 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

15-1. Оларға қатысты ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасалған шетелдіктерді тіркеуді, Қазақстан Республикасының визаларын беруді ресімдеу тәртібін, сондай-ақ олардың жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайда жеке басын анықтау рәсімін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп айқындайды.

Ескерту. Қаулы 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

16. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен оның өкілдіктерінде:

1) шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер басшыларының, дипломатиялық қызмет мүшелерінің, консулдық лауазым иелерінің, дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің әкімшілік-техникалық және қызмет көрсететін қызметшілерінің, әскери атташе аппараты мен сауда өкілдіктері қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің, сондай-ақ егер қонақтар көрсетілген өкілдіктер мен мекемелердің аумағында тұратын болса, шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер басшылары қонақтарының;

2) Қазақстан Республикасына қызметтік іс бойынша келген және дипломатиялық немесе қызметтік төлқұжаты бар шетелдік мемлекеттердің Сыртқы істер министрліктері қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің;

3) Қазақстан Республикасына қызметтік іс бойынша келген халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларының, аталған ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы өкілдіктері қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасында штаб-пәтері бар халықаралық ұйымдардың жанындағы елдер өкілдіктерінің халықаралық шарттарға сәйкес дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитетті пайдаланатын қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы

м ү ш е л е р і н і ң ;

4) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тиісті визалар беретін шетелдік ұйымдар-инвесторлар басшыларының немесе өзге де басшы қызметкерлерінің ;

5) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шақыруы бойынша келген адамдардың төлқұжаттары тіркеледі.

17. Ішкі істер органдарында осы Тәртіптің 15-тармағының алтыншы абзацында және 16-тармағында көрсетілмеген шетелдіктердің паспорттары тіркеледі .

Ішкі істер органдарымен келісім бойынша шетелдіктердің паспорттарын тіркеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері, тіркеу құқығы берілген заңды тұлғалар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін .

Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және заңды тұлғаларда шетелдіктердің паспорттарын тіркеу туралы ақпарат тіркелген күнінен бастап бес тәулік ішінде ішкі істер органдарына хабарланады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.08.20 N 881 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3-1. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдіктерді есептік тіркеу

Ескерту. Ереже 3-1-бөлімімен толықтырыл - ҚР Үкіметінің 2003.07.17 N 702 қаулысымен.

17-1. Діни-ағартушылық қызмет (бұдан әрі - миссионерлік қызмет) арқылы қандай да бір дін ілімін уағыздау және (немесе) таратумен айналысатын шетелдіктерді есептік тіркеуді жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

17-2. Есептік тіркеу үшін шетелдіктер төлқұжаты тіркелген сәттен бастап үш тәулік ішінде жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттар мен материалдарды :

1) діни нанымға тиесілігін, миссионерлік қызметтің аумағы мен мерзімін көрсете отырып, өтінішті ;

2) миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни ұйым берген сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесін ;

3) миссионер мүддесін білдіретін діни ұйым өз елінің заңнамасына сәйкес ресми тіркелгендігін куәландыратын тіркеу туралы куәліктің немесе өзге де құжаттың көшірмесін ;

4) Қазақстан Республикасында тіркелген діни ұйымның шақыруын ;

5) миссионерлік қызметке арналған әдебиетті тыңдау, бейне материалдарын және (немесе) өзге де діни мақсаттағы заттарды ұсынады.

Көрсетілген құжаттарды ұсыну кезінде өтініш беруші белгіленген тәртіппен тіркелген төлқұжатын көрсетеді.

17-3. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдіктерді есептік тіркеуді құжат берілген күнінен бастап жеті тәуліктен аспайтын мерзімде жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

4. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына құжаттар беру

18. Ішкі істер органдары берген рұқсат, сондай-ақ тұруға ықтиярхат алған шетелдіктер Қазақстан Республикасында тұрақты тұратындар деп танылады.

19. Өзге заңдық негіздемедегі шетелдіктер Қазақстан Республикасына уақытша келген болып саналады. Қазақстан Республикасына уақытша келген, көшіп келушілер болып табылатын шетелдіктер өздерін тұрақты тұруға қалдыру туралы өтініш жасай алады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

20. Шетелдіктерді Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдырудың тәртібін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.03 № 166 Қаулысымен.

21. Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына құжаттар: шетелдік үшін - Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адам үшін - азаматтығы жоқ адамның куәлігі болып табылады. P092101

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Шетелдіктер Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтінішті, осы Тәртіптің 20-тармағына сәйкес белгіленген тәртіппен, уәкілетті органдарға береді.

Шетелдіктер Қазақстан Республикасында тұру құқығына арналған қолда бар құжаттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы немесе жаңасын беру туралы өтінішті өздерінің тұратын жері бойынша ішкі істер органдарына, оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірмей, ал ол жоғалған жағдайда - үш тәуліктен кешіктірмей береді.

23. Шетелдікке және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында

тұрақты тұруға рұқсат беруден Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген негіздемелер бойынша мыналарға бас тартылуы мүмкін .

Тұрақты тұру рұқсатын және азаматтығы жоқ адамның куәлігін беруден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ш а ғ ы м д а л у ы м ү м к і н .

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.03.13 N 241, өзгерту енгізілді - 2005.07.20 N 756 Қаулыларымен.

24. Шетелдіктер өз төлқұжаттарының қолданылу мерзімі аяқталған күнінен бастап 6 айдың ішінде жаңа немесе ұзартылған құжаттарды көрсетпесе, ішкі істер органдары оларға азаматтығы жоқ адамның куәлігін береді.

Азаматтығы жоқ адамның куәлігі, егер оның иесі ішкі істер органдарына жарамды төлқұжатын көрсетсе, ықтиярхатқа ауыстырылады.

25. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер, заңдарда Қазақстан Республикасының азаматтары үшін көзделген тәртіппен, тұрақты және уақытша тұратын жері бойынша тіркеуге жатады.

5. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруы мен транзиттік өтуі және олардың Қазақстан Республикасында тұратын жерді таңдауы

26. Шетелдіктер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің болуы үшін ашық аумағы бойынша еркін жүріп-тұра және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес тұратын жерді таңдай алады. Жүріп-тұру мен тұратын жерді таңдаудағы шектеулер, ол: мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен өнегесін сақтау, Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болғанда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің немесе Ұлттық қауіпсіздік комитетінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. P081170

27. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасы бойынша жүріп-тұруының, сондай-ақ олардың шетелдіктер үшін жабық жекелеген жерлерге (аумақтарға) баруының тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Ішкі істер министрлігі айқындайды.

28. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі үшін Қазақстан Республикасының транзиттік визасы р е с і м д е л е д і .

29. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуіне, оларда үшінші елге кіру үшін жарамды құжаттар (визалар) болған жағдайда, бес тәуліктен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.20 N 881 Қаулысымен.

30. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы мемлекеттерге олардың азаматтығының визасыз келу туралы келісім бар елдерге транзитпен өтетін шетелдіктерде Қазақстан Республикасының транзиттік визасы болуы міндетті.

31. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарымен транзитпен өтетін, оның ішінде жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдіктер халықаралық автомобиль қатынасы үшін ашық жолдар бойынша ғана жүреді.

32. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуінің тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды.

5-1. 2011 жылғы 7-ші қысқы Азия ойындарына қатысушылардың Қазақстан Республикасына келуі, тіркелуі, аккредиттелуі, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуі

Ескерту. 5-1-бөлім 2011.02.22 бастап қолданысын тоқтатты - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 № 1075 Қаулысымен.

6. Осы Тәртіпті бұзғаны үшін жауаптылық. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуы мерзімін қысқарту және кетіру

33. Осы Тәртіптің нормаларын бұзу заңдармен көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

34. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуының мерзімін қысқарту және оларды Қазақстан Республикасынан кетіру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздемелер бойынша жүргізіледі.

35. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуының мерзімін қысқарту туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдары немесе ұлттық қауіпсіздік органдары қабылдайды.

36. Кетіру туралы шешімді сот қабылдайды. Бұл ретте шетелдіктерді кетіруді ұйымдастыру үшін қажетті мерзімге ұстауға жол беріледі. Оларды ұстау ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде жүргізіледі.

Кетіру бойынша шығыстарды кетірілетін шетелдіктер не шетелдікті

Қазақстан Республикасына шақырған ұйымдар немесе жеке адамдар, ал ерекше жағдайларда ішкі істер органдары көтереді.

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына келу құқығынсыз келген адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету үшін ол адамдарды әкелген көлік ұйымы жауапты болып табылады.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.03.13 N 241, 2005.07.20 N 756 Қаулыларымен.

37. Шетелдіктер заңдарда белгіленген тәртіппен өзін Қазақстан Республикасынан кетіру және Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы шешімге шағымдануға құқылы.

38. Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын шетелдіктердің осы Тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы мәселе дипломатиялық арналар бойынша шешіледі.

7. Халықаралық келісімдер

39. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінде осы Тәртіпте қамтылғандардан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық келісімнің ережесі қолданылады.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібіне 1-қосымша

Аккредиттеу картасының нысаны

Ескерту. 1-қосымша 2011.02.22 бастап қолданысын тоқтатты - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 № 1075 Қаулысымен.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібіне 2-қосымша

Сәйкестендіру картасының нысаны

Ескерту. 2-қоысмша 2011.02.22 бастап қолданысын тоқтатты - ҚР Үкіметінің
2010.10.19 № 1075 Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ